

салынды. Саналы ғұмырын еліне қызмет етуге арнап, бір мезетте қызметтен айырылып, шет қалу, ішкі күйзеліс пен сырқатқа ұрындырды. Сөйтіп, 1934 жылы қазақ қыздарының ішіндегі жарық жұлдыз, қазақ публицистикасының майталманы, педагог-ғалым Н.Құлжанова қайтыс болды.

Бір ғана мақалаға Н.Құлжанованың оқу-ағарту, мәдениет саласында жасаған қызметін сыйдыру мүмкін емес. Оның қызметі мен еңбегін ғылыми тұрғыда зерделеу кезек күттірмейтін абыройлы жұмыс. Демек, Н.Құлжанованың тағылымы - ұлтқа қызмет жасаудың жарқын үлгісі екендігі ақиқат.

#### **Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:**

1. Имашев М. Нәзипа Құлжанова. Ақиқат. 1991 ж. №12. Б. 66.
2. Хакімжанова М. Естен кетпес егіз бейне. Жұлдыз. 1984 ж. №9. Б. 99-100.
3. Қазақ ССР тарихы, III том, Алматы, 1982 ж. – 440 б.
4. Сағыбаева З. Қайраткер қыз. Қазақстан мектебі. 1997 ж. № 3. Б. 66.
5. Сағыбаева З. «Ардақты, бар Нәзипа деген ханым...» Қазақ тілі мен әдебиеті. 1997 ж. №3-4. Б. 119.
6. Құлжанова Н. «Халқыма деп іс қылдым». А., «Рауан» 1993. 12- бет.
7. Ахметова Л. Қазақтың қайраткер қыздары. Қазақстан коммунисті. 1990 ж. №5. Б. 93-94.

### **Ә. БӨКЕЙХАННЫҢ XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ БАСПАСӨЗ БЕТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ МЕН ЭТНОГРАФИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МҰРАЛАРЫ**

**Өскембаев Қ.С., <sup>1</sup>Қазахбаев А.Г. <sup>2</sup>**

1. Астана халықаралық университетінің профессоры, т.ғ.к.;
2. Астана халықаралық университеті. Тарих (ғылыми бағыт) 4 курс студенті  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.  
[k.uskembayev@gmail.com](mailto:k.uskembayev@gmail.com)

Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейхан тек саяси сахнада ғана емес, ғылыми ортада да өзінің айтарлықтай мұрасын қалдырды. Оның Қазақстан тарихына қосқан ғылыми үлесі – ғылыми жинақтарда шыққан жарияланымдары мен монографияларынан, мерзімді баспасөз бен журнал беттеріндегі мақалаларынан көрініс тапты. Ә. Бөкейханның тарих ғылымына назар аударып, оны зерттеуге құлшынысын тудырған басты себеп – Ресейдің отарлау саясатын әшкерелеп, қазақ жерінің Ресей бодандығына қабылдануының заңдық, саяси әрі тарихи тұрғыда бағасын беру болды. Ол бұл бағыттағы жарияланымдарын 1890 жылдары-ақ дереккөздер арқылы егжей-тегжей зерттей бастаған[1].

Ә.Бөкейханды қазақ хандығының тарихын зерттеген алғашқы қазақ ғалымдарының бірі деуге әбден болады. Ол тұңғыш ұлттық мемлекеттің құрылуынан бастап, даму кезеңдерін зерттеп, құлдырауының объективті және субъективті себептеріне тоқталған. Атап айтқанда Бөкейхан қазақ хандарының, сұлтандарының, ру старшындарының, билерінің Ресей империясының шенеуніктерімен алмасқан хат-хабарларын тауып, оның жинағын Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің және Семей облысының ғылыми басылымдарында (Памятная книжка Семипалатинской области) мекемелер мен лауазымды тұлғалар туралы әртүрлі мәліметтерді, сондай-ақ Семей облысының күнтізбелік, анықтамалық, географиялық, статистикалық және басқа да деректерді жариялайды. Аталған жинақтар 1901-1905 жылдар арасында «Орта қырғыз ордасының ханы Бөкей мен оның ұрпақтарының хаттары»[2], «Қырғыз хандарының, сұлтандарының хат-хабарлары, т.б.»[3] және «Ұлы жүз сұлтаны Сүйік Абылайханұлының қағаздары»[4] атауларымен жарық көрді.

Бұл хат-хабарларды жариялау барысында Әлихан қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігінен айырылу себебін Ресей империясының протекторатқа кіру шарттарын

бұзуынан ғана емес, сонымен қатар хандардың қатерге әкелген қателіктерінен болғандығын көрсетуі. Осы құжаттардың барлығын сыни және бейтарап талдау нәтижесінде Ә.Бөкейхан өте маңызды тарихи, саяси тұжырымдарға келеді. Ол, ең алдымен, бұрынғы хан-билеушілердің өз қол астындағы рулар мен жүздерді, тіпті, алпауыт, қауіпті жау – жоңғарларға қарсы біріктіруге дәрмені жетпегенін атап өтеді. Кейіннен сол уақыттағы қазақ хандары мен билеушілердің тарихи рөліне Ә.Бөкейхан: «Бұрынғының көбі күш-қуатты тиісті орнына жұмсамай, бірінің көзін бірі шұқудан уақыты артылмады, істегенінің бәрі жәбір, залым болды, қылғанының бәрі зорлық-зомбылық еді» [5] – деп баға береді. Сондықтан да, олардың ұрпағы ретінде намысшыл, еркіндік сүйгіш көшпелі халықтың ешбір күрес нышаны жоқ құлдыққа түскені үшін өзін терең кінәлі сезінді. Ал «Хан ұрпақтары қазақ алдында мәңгілік қарыздар, тірі болсам қазаққа қызмет етуді тоқтатпаймын» деген сөзін Алашорда үкіметінің жетекшісі өз жауапкершілігін толық сезіне отырып айтқандығын аңғарамыз.

Ә.Бөкейханның Омбы, кейіннен Петербургта білім алуы Г.Н. Потанин, В.В.Бартольд, Ф.А.Щербина, С.П.Швецов сияқты бірқатар еуропалық зиялы қауым өкілдерімен байланысуына мүмкіндік туғызды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Далаөлкесінде өткен бірқатар экспедицияларға Ә.Бөкейханның қатысуы – қазақ этнографиясы мен этнологиясына өзіндік үлес қосты. 1894 жылдан басталған «Половцев», «Швецов», «Щербина» экспедициялары нәтижесінде қазақ өлкесіндегі бірқатар облыстарынан этнографиялық материалдар жиналды. Ә.Бөкейхан Қазақстанның экономикасын, этнографиясын, мәдениетін жоспарлы зерделеудің негізін қалады, материалдар жинақтады, ең бастысы - табиғи-тарихи аудандастыруды қалыптастыру туралы түсінікке ие болды. Семей облысының Павлодар, Семей, Қараралы уездерінің және Ақмола облысының Омбы уезінің «табиғи-тарихи аудандарын» айқындап, нақтылады. Әлихан экспедицияға алғашында статист маманы ретінде шақырылып, кейіннен экспедицияның жеке зерттеу тобын басқару міндетін атқарады. 1903 жылы экспедиция мүшелерімен бірге Семей облысының Павлодар уезінде болып, тұрғын үйлер, мал қоралары, халық саны мен мал басына қатысты санақ жүргізеді. Жинақталған материалдар негізінде арнайы томдарды әзірлеуге қатысып, ғылыми сипаттамалар дайындайды және зерттеу мақалаларын жазады. Семей облысының Павлодар уезі мен оған қарасты Алтыбай және Қызылтау болыстарына байланысты материалдарды талдай отырып, сол аймақтағы халықтың тарихына, рулардың қоныстанған жерлеріне және олардың ерекшеліктеріне тоқталады. Павлодар уезіне арналған жалпы шолуда тек жер аумағы ғана емес, сонымен қатар халықтың қоныстану тарихын, белгілі тарихи тұлғалар, жер атаулары және уезд аумағында өмір сүрген Керей, Уак, Қарауыл, Қанжығалы және басқа да рулардың шығу тарихын баяндайды. «Алтыбай болысы» атты жазбасында ол болыстықтың қыстау, көктеу, жайлау мен күзеуге орналасу тәртібін, мал азығы мен күтімін, мал шаруашылығына кететін шығындарды жан-жақты ғылыми түрде сипаттайды [6, 128-130]. Ал «Қызылтау болысына» арналған мақаласында осы болыстықтағы рулардың орналасуы, тұрмыс-тіршілігі, мал шаруашылығы, егіншілік және өзге де кәсіп түрлерімен айналысу мәселелерін талдайды [6, 131-136]. Мұндай зерттеу жұмыстары Дала өлкесінде алғаш рет жүргізілді. Әлихан Нұрмұхамедұлы жоғарыда аталған аудандарда жинақталған материалдарға сүйене отырып, қазақ халқының жер қауымдастығы тарихын зерттеді. Ол алғашқылардың бірі болып жүздер мен рулардың құрылымын, орналасуын, климаттық жағдайға байланысты мал шаруашылығының дамуын терең зерттеп, арнайы кестелерін жасады [6, 33].

Половцев экспедициясынан кейін Ә.Бөкейхан көрнекті ғалымдардың ықпалымен 1896 жылы Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің толық мүшесі болып сайланады. Осы тұста 1903 жылы Орыс географиялық қоғамының «Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» атты Ресей империясы аймақтарының географиясы мен басқа да ерекшеліктеріне арналған көп томдық басылымның қырғыз (қазақ) өлкесіне арналған 18-томын әзірлеуге атсалысады. Сондай-ақ бұл томның қазақ халқының тарихына қатысты 4 тарауын Орыс географиялық қоғамының мүшелері А.Н.Сидельников және С.Д.Чадовпен бірге жазып шығады. Бұл еңбек – «Қырғыз өлкесінің тарихи тағдыры және

оның мәдени табыстары» [7] деп аталды. Ә.Бөкейханның бұл монографиясы – Қазақстанның төңкеріске дейінгі тарихын жинақтайтын алғашқы зерттеулердің бірі болатын. Мұнда қазақ жерін мекендеген алғашқы адамдардың мәдениеті мен табылған артефактілерден бастап, түркі тайпаларының көші-қоны мен орналасуы, балбал тастар, «қазақ» этнонимінің шығуы туралы, сондай-ақ Қазақ хандығының құрылуы мен басқару жүйесі, қазақ-жоңғар соғысы, алғашқы орыс-қазақ қатынастары, колонизация мен отарлауға қарсы соғыстар сияқты тақырыптар баяндалып, соңында статистикалық деректер қалдырады. Монографияда Геродот, М.Х.Дулати, Н.Я.Аристов, В.В.Бартольд сияқты зерттеушілердің деректерінде пайдаланған. Қазақ халқының қалыптасуы туралы – XV ғасырдың ортасында Жошы және Шағатай ұлыстарынан қалған түркі тайпаларының кейіннен «қырғыздар(қазақтар)» атауымен дербес саяси күш ретінде тарихи сахнаға шыққандығын жазады[7, 143].

Ә.Бөкейхан қазақ хандығының құлдырау уақытын – монографияда жоңғар шапқыншылығынан зардап шегіп, сұлтандар арасындағы араздықта өзіне қолдау табу мақсатында орыс бодандығын қабылдаған кіші жүз ханы Әбілқайырдан бастайды. Кейіннен орта жүз рулары 1782 жылы Абылай ханның баласы Уәлидің және Барактың ұлы Бөкейдің тұсында, ал, ұлы жүз рулары XIX ғасырдың соңында Сүйік сұлтанмен Ресейдің қол астына өткендігін көрсетеді [7, 144].

Сондай-ақ қазақ халқының славян халықтарымен XVI ғасырдың екінші жартысына қарай араласа бастаған. Олардың мәдениеті қазақтардікінен жоғары болғандықтан жергілікті халық үстемдікті орыс билеушілеріне беруге мәжбүр болғанын баяндайды. Ресей империясының қазақ жерін отарлауын екі түрге бөліп қарастырады. *Біріншісі* – ерікті отарлау. Оларға ауыр тұрмыстан қашқан бейшаралар, бұратаналардың есебінен баю үшін келген алаяқтар, шаруалар, қылмыскерлер, сектанттар сияқты әртүрлі тобырлардың келуін жатқызды. Ол келімсектерге Оралдың оңтүстігі, Қазақстанның солтүстік-шығысы аймақтары қолайлы болды. *Екіншісі* – үкімет жасақтарының келе бастауы. Оларға Ертіс және Алтай аймағындағы табиғи байлық қызықтырып, Ресей билігі негізгі әскери күштерін сонда жібере бастаған. Кейіннен өздерінен алдын келген еріктілер басып алған жер телімдерін үкімет өз меншіктеріне өткізген[7, 144]. Ә.Бөкейхан орыс үкіметінің Орталық Азияға өркениет әкелді деген тұжырымды жоққа шығарды. Отарлаушылардың алғашқыда мәдениет емес, талап-тонау әкеліп, табиғи байлықты талан-таражға ұшыратқанын айтып, патшаның саясатын әшкереледі. Әрі қарай монографияда Ресей билігінің қазақ жеріндегі бекіністерінің қысқаша тарихын және отарлауға қарсы Кенесары ханның соғысын баяндайды. Бөкейханның қазақ тарихына деген көзқарасы оның XV-XIX ғасырлардағы қазақ билеушілерінің рөлін дұрыс және нақты түсіне білгенінен көрінді. Ол Керей мен Жәнібекті Қазақ хандығының негізін қалаушылар, Қасым ханды-қазақтарды біріктіруші, Абылай ханды – ең танымал хан, Кенесарыны – халық аузындағы өзінің атақты атасының даңқын асқақтатушы деп сипаттады. Қазақ өлкесінің тарихын сипаттай келе бұл дала ірі тарихи оқиғалардың аренасы болғандығын және мұндағы әр түрлі халықтардан қалған ескерткіштер әр дәуірде болған оқиғалардың үнсіз куәгерлері екендігін айтып қорытындылайды. Жазбаша деректер мен археологиялық ескерткіштерде қазақ сахарасын мекендеген халықтардың көпшілігінің көшпелі өмір салтын жүргізгені, соның арқасында бір халықтың екіншісінің, бір мәдениеттің екіншісінің ауыстырылуы тез және оңай болғанын атап өтеді [7, 147].

1910 ж. Ә.Бөкейханның «Қырғыздар» мақаласы «Қазіргі мемлекеттердегі ұлттық қозғалыс формалары» деп аталатын жинақ А.И.Кастелянскийдің редакциялығымен басылып шықты [8, 577]. Жинақта Бөкейхан ірі империялардағы ұлттардың жағдайын қарастырып, деректік және статистикалық материалдарға сүйеніп, Ресей империясы, Германия, Австрия-Венгрия мысалдары арқылы ұлттардың оянуы мен ұлттық қозғалыстардың өршу себептерін ашты. Жинақта ұлтшылдықтың саяси-психологиялық көріністері, оның қайшылықтары мен қиындықтары да жазылды. Әлиханнның 4 бөлімге бөліп қарастырған бұл мақаласында қазақ халқының саяси-мәдени жайы, қоғамдық өмірі мен әлеуметтік мәселелері баяндалады. Сонымен бірге, тарихи-этнографиялық деректерден үзінді келтіріліп, кестелік-сандық ақпараттар берді. Оның бұл мақаласы 75 жылдан соң, 1985 жылы Оксфорд университетіне

қарасты Орта Азияны зерттеу қоғамының ғалымдары дайындаған «Қазақтар 1917 жылға дейінгі орыстар туралы» зерттеу кітабында М. Дулатұлы, А. Байтұрсынұлы, Т. Рысқұловтардың мақалаларымен қайта басылып шықты [9, 19].

Еңбектің басы «XIII ғасырдан бастап, Шыңғыс хан заманынан бері қырғыздар мен қарақырғыздар Орталық Азияда өмір сүріп, негізінен солтүстігінде Жайық өзенімен (Орал және Жайық), батысында Әмудариямен, шығысында Ертіспен және оңтүстігінде тау жоталарымен шектесетін кең жазықты алып жатыр. Сонымен қатар, олар Астрахань губерниясында да мекендейді» - деп қазақтардың орналасу аумағынан бастап, ары қарай қазақ халқының саны жайында демографиялық мәліметтерді береді. Мәліметтер кесте арқылы да берілген:

Кесте 1. Қырғыз (қазақ) халқының абсолютті және салыстырмалы саны [8, 577]

	Облыстар атауы	Барша тұрғындар	Оның ішінде қазақтар
Қазақ өлкесі	1. Семей	761.095	655.971
	2. Ақмола	934.612	484.456
	3. Торғай	550.510	422.401
	4. Орал	644.000	466.000
Түркістан	5. Каспий маңы	463.407	71.367
	6. Сырдария	1.480.000	888.000
	7. Жетісу	1.088.217	844.405
	8. Ферғана	1.837.418	374.981
	9. Самарқан	986.554	79.083
	10. Астрахан губ-сы	1.005.000	213.000
		<b>9.750.813</b>	<b>4.499.664</b>

Кесте 2. Аталған аумақтарда тұратын қырғыздар (қазақтар), орыс және басқа да ұлттардың пайыздық арақатынасы [8, 578]

Облыстар атауы	Қазақтар	Орыстар	Басқа халықтар
1. Семей	86,2%	7,5%	6,3%
2. Ақмола	52		48
3. Торғай	76,5	23	0,5
4. Орал	72,5	25	2,5
5. Каспий маңы	15	6,7	78,3
6. Сырдария	60	4	36
7. Жетісу	77,6	12,6	9,8
8. Ферғана	20,3	0,7	79
9. Самарқан	8	1,3	90,7
10. Астрахан губ-сы	21		79
	<b>51</b>		<b>49</b>

Ол мұны 1897 жылғы санаққа сүйене отырып, қазақ халқының пайыздық көрсеткіштерін есептеп шығарады. Мақаланың маңыздылығы – өзінен кейінгі шыққан зерттеулерде қазақ халқының демографиялық тарихын жазуда ауқымды рөл атқарды. Еңбекте көрсетілген ақпараттарға сүйенсек қазақ халқының өсу коэффициенті 1,5 деп анықталып, халықтың жалпы саны 4 696 600 адамды құраған. Бұл қазақтар мекендеген 10 облыстағы барлық халықтың ішінде қазақтардың пайыздық көрсеткіші 51% болып табылған. Сонымен қатар Ә.Бөкейхан қазақ ауылдарының қыстауға бірігуі және ауылдық-шаруашылық құрылымын сипаттайды [8, 577]. Зерттеуде сондай-ақ орыс келімсектері мен қазақтар арасындағы ұлтаралық қатынастарды суреттеген. Әсіресе қазақ даласындағы

орыстандыру саясатына тоқталады. Қазақ жеріне келген орыс шенеуніктері білім деңгейі төмен әрі жергілікті халықтың жайын білмеген. Орыстандыру саясатының сипаты – дөрекілік, озбырлық, жергілікті халықтың құндылықтарына қиянат жасаумен көрініс тапқан. Дала өлкелерінде барлық хат-хабарлар мен іс қағаздар, тіпті болыс әкімшілігінің кеңсесінде де орыс тілінде жүргізілген. Тіпті, Плеве (В.К. фон Плеве 1902-1904жж. Ресей империясының ішкі істер министрі қызметін атқарған. Ол бірінші болып қоныстандыруды – аграрлық мәселені шешудің жолы ретінде пайдалануды ұсынған. 1889 жылғы қоныс аудару туралы заңның авторларының бірі. 1904 жылғы қоныс аудару туралы Уақытша ережелерді дайындаудың бастамашысы, «мемлекеттік шаралардың арқасында қоныстанған» шаруаларға жеңілдіктер мен қолдаулар жүйесін белгілеген. Сондай-ақ алғаш рет ерікті қоныс аударуға рұқсат берген.) кезінде шаруа басшылары өтініштерді қырғыз тілінде қабылдамаған. Ә.Бөкейхан орыс шаруаларының қазақ даласына ұлғайған көші-қоны – алғашқыда қазақтар мен орыстар арасында жер үшін күресті туғызып, кейіннен әлі де жалғасып келген ұлттық қарама-қайшылықтардың едәуір тереңдеп, шиеленісуіне себеп болды деп түйіндейді [8, 585].

Ә.Бөкейхан бұл зерттеу мақаласында қазақтардың мәдени күйіне тоқталмай өтпеді. Ол қазақтардың генеологиялық бөлінуі мен рухани деңгейін баяндап көрсете алды: «Ұлы, Орта және Кіші жүз деп аталатын түркі тайпаларының арасындағы қандық байланыс ежелден берік. «Сіз кімсіз?» деген сұраққа әр қырғыз(қазақ): «Үш жүздің баласымыз» деп жауап береді, ал сұрақ қырғыздан болса, онда жауап беруші адам жүздердің біреуін немесе олардың ішіндегі бір рудың атын атайды. Әрбір қырғыз(қазақ) руының ұраны бар. Ол ұранға сол рудан шыққан, бұрын өмір сүрген танымал тұлғаның атына қойылған. Қазақ арасында аты аңызға айналған Алаша аттытұлғаның есімі кең таралған ұранға айналды. XVIII ғасырда аты ұранға айналған Абылай ханның есімі қырғыз өлкесіне және Орта жүзде(Семей және Ақмола облысы) аса танымал болды. Ру ұраны естілген кезде үйде қалу қазақтар үшін ең үлкен масқара болып саналған және ол адамға ешкім қызын бермеген. Абылай ұраны тіпті Сібір орыс-қазақтары арасында да кең тараған. Тіпті, солардың бірі баласын жапон соғысына шығарып саларда: «Абылай! Абылай! Шабуылда!» – деп қоштасқан екен»[8, 591]. Ары қарай мақалада қазақ даласындағы Ресей империясының діни саясаты және жергілікті халықтың шоқындыру саясатына қарсы алғашқы ұнқағаздар туралы оқиғаларды қозғаған. Ә.Бөкейхан қазақ зиялыларының қалыптасу қарқынына мән бере отырып, ұлттық интеллигенцияны екі топқа бөліп қарастырады: *біріншісі* – орыс мәдениетімен сусындаған, батыс өркениетіне сенетін, Отанының өркендеуін батыстық мәдениетпен байланыстыратындар. Олар үшін діни мәселелер екінші қатарға қойылды. *Екіншісі* – шығыстық ортодоксалды қоғамда және ұлттық-діни рухта тәрбиеленгендер. Бұлар дінді бірінші орынға қойған. Әлихан *бірінші* бағытты – батыстық деп, ал *екіншісін* – түрікшіл және панисламизмнің майталмандары деп атайды. Аталған екі бағыттың арасында соңғылары халық арасында кең тарап, осы себепті қырғыз съездерінде және құзырхаттарда саяси мәселелер бейтарап қаралып, діни мәселелер алға шықты. Сонымен қатар халық арасында батыстық ағарту мен өркениетке күмәнмен қарайтын көңіл-күй пайда болған[8, 597].

Жоғарыда көрсетілген еңбектердің мазмұнында Ә.Бөкейхан Ресей империясының қазақ жерін отарлауы мен орыс шаруаларының қоныстануына баса назар аударады. Ресей билеушілерінің бұрынғы шығарған тарихи қаулылары мен заңдарына мән бере отырып, олардың берген нәтижелеріне сараптама жүргізеді. 1911 жылы Санкт-Петербургте шыққан «**Мұсылман әлемінде**» газетінде Әлихан ащы өкінішпен былай деп жазды: «Қазақ халқының түгелдей Ресей бодандығын қабылдағанына жүз жыл толмай жатып, осы жартылай көшпелі халықтың барлық жерлері қазына меншігіне айналды. 1868 жылы мынадай заң қабылданды: «...көшпелі халықтар мекендеген жерлер, осы жерлердің барлық құрамы, соның ішінде ормандар да мемлекеттік меншік деп танылады» (1891 жылы шыққан Дала Ережесінің 119-бабы). Бұл заңның аса маңызды және тұтас бір халық үшін тағдыршешті мәні болғанына қарамастан, ол Петербург кеңселерінде құпия түрде дайындалып, оны өз жерінің толыққанды иесі деп санап келген халықтың келісімінсіз ғана емес, оның өкілдерінің пікірін тыңдамастан бекітілді. Осы заң арқылы бүкіл қазақ халқы жерінен айырылып,

қазақтың мал шаруашылығының болашағы шешіліп қана қоймай, бірнеше миллион қандасымыздың өмір сүруінің өзі қатерге тігілді» [10].

1923 жылы Ә.Бөкейханның қазақтың соңғы ханы – Кенесары жайындағы «Сұлтан Кенесары Қасымұлы тарихына арналған материалдар» атты еңбегі Ташкентте «К.Степняк (Дала қырғызы)» бүркеншік есімімен басылып шықты [11]. Әлиханнның бұл кітапшасы белгілі профессор Евгений Поливанов және доктор Халел Досмұхамедовтың редакциясынан өткізіліп, ол бұл еңбегін өзінің әкесіне арнаған болатын. Бұл кітапшада оқиға куәгері қырғыз Қалығұл Әлібековтің сөзін жеткізе отырып, Кенесарының қайғылы оқиғасы мен қазасына дейінгі оқиғалары сипатталған. Кітапшаның алғы сөзінде Ә.Бөкейхан: «Түркістан тарихына арналған әртүрлі еңбектер дала перзенті, ұлы тұлға – Сұлтан Кенесары Қасымовқа тым аз көңіл бөлген. Түркістан тарихында Сұлтан Кенесары Қасымов тек үстірт қана аталып өтеді, кейбір зерттеушілер оны хандық дәрежеге ұмтылған адам ретінде көрсетеді. Бірақ бұл шындыққа жанаспайды. Ойымызша, Сұлтан Кенесары Қасымовтың тұлғасын еркіндікті сүйетін, патшалық Ресейдің басқыншылық әрекеттеріне қарсы күрес үшін бірігуді көздеген дала жауынгерінің наразылығы ретінде қарастыру дұрыс болар еді. Сұлтан Кенесары Қасымовтың нағыз бейнесін ашу – болашақ тарихшылардың міндеті. Бұл еңбекте біз Сұлтан Кенесарының соңғы шайқастары туралы бар мәліметтермен бөлісуді мақсат еттік. Ұсынылған әңгіме 1845-1846 жылдардағы оқиғаларға қатысқан қарақырғыз Қалығұл Әлібековтің сөздерінен жазып алынған. Ол бұл әңгімені айтқан кезде 85 жаста болған. Қалығұл Әлібековтің осы оқиғаларға қатысты мәліметтері туралы, Кенесары Қасымовтың ұлы – Ахмет Кенесариннің де әңгімесінде бар».

Бұған дейін де Ташкентте 1889 жылы Кенесарының ұлы Сыздық сұлтанның баяндауымен інісі Ахмет қағазға түсірген Кенесары хан мен оның балаларының Ресей империясының отарлауына қарсы күрестері жайлы «**Кенесары және Садық сұлтандар**» [12] биографиялық очеркі жарық көрген еді. Аталған екі еңбектің ерекшелігі – болған оқиғаларды қарсыласушы екі тараптың куәгерлерінің баяндаулары арқылы жазылған. Салыстырмалы түрде 1889 жылы шыққан очеркте Кенесары ханның қырғыз жеріне болған жорықтарын қоқандықтарға қарсы қырғыз және қазақтарды біріктіруші ретінде сипаттаса, Әлиханнның баяндап отырған әңгімесінде оны қырғыздардың тыныштығын бұзған бүлікші ретінде суреттейді. Ары қарай қырғыз куәгері Қалығұл Әлібековтың баяндауымен, Кенесары ханның қайғылы қаза болуының мән-жайлары, сондай-ақ оның бас сүйегін 1836-1850 жылдар аралығындағы Батыс Сібірдің генерал-губернаторы болған князь Петр Горчаковқа Омбыға жеткізу эпизоды суреттеледі. Кейіннен Қалығұл Әлібековты Кенесарыға көрсеткен қарсылығы үшін, кейбір деректерде оны өлтіргені үшін Петр Горчаков күміс төсбелгімен марапаттайды [11, 12].

1926 жылы Әлихан Бөкейхан Мәскеулік ғалым, профессор Андрей Шестаковпен бірлесе отырып, 1916 жылғы көтеріліске 10 жыл толуына орай «1916-1926» [13] еңбегі жарық көрді. «Қыр баласы» бүркеншік есімімен шыққан бұл еңбекте 1916 жылғы болған ұлт-азаттық наразылықтарға лайықты саяси және тарихи баға берілді. Кеңестік қазақ тарихнамасында бұл оқиғаның мәні мен сипаты белгілі бір идеологиялық тұрғыда бұрмаланып, көтеріліске тән емес таптық күрес тарапынан суреттелген болатын. Алайда, қазақ халқының қарулы көтерілісі анық ұлттық-азаттық көрініске ие болды және ең алдымен далада жерді бейбіт жолмен отарлау мен Ресейдің орыстандыру саясатына қарсы бағытталды. Еңбекте наразылықтың туу себептерінен бастап, далалық өлкенің жан-жағындағы қақтығыстарды, орыс келімсектері мен патша үкіметінің пиғылын ашып көрсеткен. Кітап ғылыми тілмен емес, әдеби көркем түрде баяндалып, сол уақыттағы оқиғалардың куәсі болған ақын – Нармамбет Орманбетұлының өлеңдерінен үзінділер келтіреді.

Сергей Швецов 1926 жылы КСРО ғылым академиясының Қазақстандағы статистикалық-экономикалық экспедицияны басқарып тұрған шақта, қазақ даласын терең білетін маман ретінде Әлихан Бөкейхан арнайы шақырылып, Сергей Руденко жетекшілік еткен Ақтөбе және Адай аудандарын зерттейтін антропологиялық отрядтың құрамында

болады. Антропологиялық отрядтың басты мақсаты – зерттелген аудандағы қазақтардың физикалық типі мен нәсілдік құрамын анықтау, аурушаңдық пен санитарлық-гигиеналық өмір сүру жағдайларын зерттеу үшін алдын ала медициналық-санитарлық зерттеулер жүргізу, сондай-ақ алдағы жұмыстардың жоспарын әзірлеу еді. Тұрмыс саласында отряд негізінен рулық құрылымның ерекшеліктерін және оның шаруашылық өмірімен байланысын зерттеді. Атап айтқанда, мал шаруашылығы, тұрғын үй мәселесі, киім-кешек, халықтық техника мен ою-өрнек мәселелері қарастырылды. Қазақстанның мәдени өткенін және ежелгі халқының антропологиялық құрамын анықтау мақсатында отряд бірнеше неолиттік тұрақтарды, микролиттік индустриясы бар және одан кейінгі дәуірлердің мәдениеттерін зерттеді, сондай-ақ қола және темір дәуіріне жататын бірнеше қорымдарды қазып, олардың нәтижелері Қазақстанның бұрынғы тұрғындарының мәдениеті мен физикалық типі туралы түсінік берді. Аталған экспедицияның материалдары 1927 жылы Ленинградта «**Қазақтар: Антропологиялық очерктер**» деген атпен жарық көреді [14]. Экспедиция материалдарын Әлихан Бөкейханмен бірге орыс археолог, этнологы – Сергей Иванович Руденко, әскери дәрігер, антрополог – Сергей Федорович Баронов құрастырып шықты. 4 бөлімнен тұратын жинақта Ә. Бөкейхан Маңғыстау жерінде жинаған этнографиялық деректерін «**Адай уезіндегі қазақтар**» атауымен жариялады [14, 59]. Бұл – Әлихан Бөкейханның соңғы ғылыми зерттеу еңбегі еді. Осы зерттеуден кейін ол ғылыми және кез келген басқа жұмыстан біржола шеттетіліп, НКВД тарапынан тергеле бастаған. Мұндағы зерттеуде Маңғыстау түбегіндегі қазақтардың өмірі, рулық құрамы, тұрмысы, мал бағуда өзге аймақтардағы қазақтардан айырмашылығы, жер рельефі, флорасы мен фаунасы сипатталды. Жинақтан адай қазақтарына тән әдет-ғұрыптары мен тұрмыстық ерекшеліктерінен үзінді келтіреді [14, 68].

Сонымен, 1920 жылдарда Ә. Бөкейхан қазақ халқының тарихи жырларын жаңғыртуда үлкен үлес қоса білді. Сонымен бірге ол 1923 ж. Әбубәкір Диваевтың жинақтаған «Бекет Батыр» [15, 34], «Мырза Едіге» [16, 35] жырларындағы негізгі кейіпкерлердің тұлғалығын тарихи тұрғыда ашып көрсетеді. 1923 жылы Марабай жыраудың нұсқасындағы «Ер Тарғынды» [17], 1924 жылы Василий Радловтың жинаған «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» [18] жырларын Мәскеуде кітап ретінде басып шығарды. Сонымен қатар осы жылдары Ахмет Байтұрсынұлымен бірге «Ер Сайын» [19] және 1926 жылы «23 жоқтау» атты жинақты дайындап шығаруға атсалысады [20]. Жинақтың сыртында «Қазақ тарихының төрт жүз жылын алады» – деп жазылу себебі – төрт ғасыр бойындағы жоқтауларды жинап, құрастырған.

### Пайдаланған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Жүсіп С. А. Алихан Букейхан – собиратель казахских земель // Қазақ үні. - 2014. 16 ақпан. – URL: <https://qazaquni.kz/alash/21645-alihan-bukeyhan-sobiratel-kazahski> (қаралған күні 08.02.2025).
2. Букейханов А. Из переписки хана Средней киргизской орды Букея и его потомков // Памятная книжка Семипалатинской области на 1901 год. Вып. V. Семипалатинск, 1901. – 17 с.
3. Букейханов А. Из переписки киргизских ханов, султанов и проч. // Памятная книжка Семипалатинской области на 1902 год. Вып. VI. Семипалатинск, 1901. – С. 55-78.
4. Букейханов А. Из бумаг султана Большой Киргизской орды Сюка Аблайханова // Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества. Вып. II. Семипалатинск, 1905. – 18 с.
5. Түрік баласы. Қазақтың тарихы. // «Қазақ». – Орынбор, 1913. – 10 феврал. – №2.
6. Бөкейхан Ә. Тандамалы (избранное) / Гл.ред. Р. Нурғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 478 б.
7. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи / А.Н.Седельников, А.Н.Букейханов, С.Д.Чадов // Россия: полное географическое описание

нашего отечества / под ред. В.П.Семенова., сост. А.Н.Седельников, Л.П.Осипова, А.Н.Букейханов. – Санкт-Петербург, 1903. Т.18. – С. 138-175.

8.Букейханов А. Киргизы // Формы национального движения в современных государствах : Австро-Венгрия. Россия. Германия / Под ред. А.И.Кастелянского. – Санкт-Петербург: Изд. Т-ва«Общественнаяпольза», 1910. – 821с.

9.Kazakhs on russian before 1917. Society for Central Asian Studies.A.Bukeykhanov, M.Dulatov, A.Baytursun, T.Ryskulov. Reprint series №5. Oxford, 1985.

10.Киргиз-кайсақ. Судьба киргизского землепользования. // «В мире мусульманства». – С.-Петербург, 1911. –21 октября (3 ноября). – №27.

11.К.Степняк. Материалы к истории султана Кенесары Касымова // Под ред. проф. Поливанова и д-ра Досмухамедова. – Ташкент : Туркестан. гос. изд-во, 1923. – 12 с.

12.Кенесарин А. Султаны Кенесара и Садык. // Издание Сыр-Дарьинского областного статистического комитета / Обработано для печати и снабжено примечаниями Е.Т.Смирновым. – Ташкент, 1889. – 136 с.

13.Шестаков. Қыр баласы. 1916-1926. // Кеңес одағындағы елдерің кіндік баспасы. – Мәскеу, 1926. – 22 б.

14.Казакі. Антропологические очерки. / С.Ф.Баронов, А.Н.Букейханов, С.И.Руденко// Издание особого комитета академии наук по исследованию союзных и автономных республик. Вып. 3. Ленинград, 1927. – 221 с.

15.Қыр баласы. Бекет Батыр. // «Темірқазық». – Мәскеу, 1923. – №1. – 34 б.

16.Қыр баласы. Мырза Едіге. // «Темірқазық». – Мәскеу, 1923. – №1. – 35 б.

17.Марабай. Ер Тарғын. // Ұлттар комиссариаты қарамағындағы күншығыс баспасөз кеңесі / Түзетіп, басқарған: Қыр баласы. – Мәскеу, 1923. – 72 б.

18.В.В.Радлов. Қозы Көрпеш-Баян. // СССР халықтарының кіндік баспасы / Жазып алған: Қыр баласы. – Мәскеу, 1924. – 60 б.

19.Ер Сайын. // Ұлттар комиссариаты қарауындағы күншығыс баспасы / Жыршылар айтуынан алып, өңдеп өткізуші: Байтұрсынұлы Ахмет. – Мәскеу, 1923. – 95 б.

20.23 жоқтау: Қазақ тарихының төрт жүз жылын алады // Кеңес одағындағы елдердің кіндік баспасы/ Жинаған, түзеткен: Байтұрсынұлы Ахмет, Қыр баласы. – Мәскеу, 1926. – 156 б

## 1927 ЖЫЛҒЫ Н. НҰРМАҚОВТЫҢ ЖАЗҒАН ЕҢБЕГІ

**Өскембаев Қ.С.**

Астана халықаралық университетінің т.ғ.к, профессоры  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

[k.uskembayev@gmail.com](mailto:k.uskembayev@gmail.com)

Нығмет Нұрмақұлы Нұрмақов (25.04.1895 – 27.09.1937 жж.) - мемлекет және қоғам қайраткері, Қырғыз (Казак) АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы (1924-1929 жж.). Мақалада Нығмет Нұрмақұлының 1927 жылы Қызылордада баспадан шыққан «Кеңестер Одағының сыртқы жайы және ОСОАВИАХИМ қоғамының міндеті» атты кітабына қысқаша шолу беріледі.

Ныгмет Нурмакович Нурмаков (25.04.1895-27.09.1927 гг.) – государственный и общественный деятель, председатель Совета Народных Комиссаров Киргизской(Казакской) АССР (1924-1929 гг.). В данной статье дается краткий обзор на книгу Ныгмета Нурмакова «Внешняя политика Советского Союза и задачи общества ОСОАВИАХИМ», изданную в Кызылорде в 1927 году.

Nigmat Nurmakovich Nurmakov (25.04.1895-27.09.1927) - state and public figure, chairman of the Council of People's Commissars of the Kyrgyz (Kazakh) ASSR (1924-1929). This article gives a brief overview of Nigmat Nurmakov's book "The Foreign Policy of the Soviet Union and the Tasks of the OSOAVIAKHIM Society", published in Kyzylorda in 1927.